ҚОҒАМ

КЛАСТЕРЛІК ІРІ ӨНЕРКӘСІП ЖОБАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

2-бетте

АЙМАҚ

БИЗНЕС ПЕН ЭКОНОМИКАНЫ КӨТЕРУДІҢ ЖОЛЫ...

3-бетте

АҚПАРАТ

ЖАҺАНДЫҚ ҚАСІРЕТКЕ ТОСҚАУЫЛ ҚАЖЕТ

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №55 (1914) 15 мамыр 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

ҰЛТТЫҚ БАНКТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ақордада өткен кеңесте Ұлттық банктің 2024 жылы атқарған қызметі туралы есеп берілді.

Мемлекет басшысына макроэкономикалық ахуал, ақша-несие саясатының негізгі көрсеткіштері, қаржы жүйесінің жай-күйі, халықаралық резервтер, БЖЗҚ мен Ұлттық қор активтері туралы баяндалды.

Жиын барысында Ұлттық қордың қызметіне қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Сонымен қатар, республикалық бюджеттің орындалуы, инфляцияны төмендету, ақша-несие саясаты, «Банктер және банк қызметі туралы» жаңа заң жобасы, экономиканың нақты секторын кредиттеу, сондай-ақ Ұлттық банктің алтын-валюта активтерінің жағдайы қарастырылды.

AKORDA.KZ.

ИНДУСТРИЯ

ЖАҢА КІРПІШ ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛМАҚ

Қызылордада құрылыс саласына серпін беретін маңызды жобалардың бірі – заманауи кірпіш зауытының құрылысы аяқталуға жақын. Жақын күндері пайдалануға берілетін кәсіпорын облыстың индустриялық әлеуетін арттыруға бағытталған.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Өндіріс» индустриялық аймағында орналасқан «Қызылорда Саз М» ЖШС-нің кірпіш зауытына арнайы барып, құрылыс жұмыстарымен танысты. Аталған жобаны жүзеге асыру үшін өңірлік үйлестіру кеңесінің шешімімен 7 гектар жер телімі бөлінген.

Қазіргі таңда зауыттың құрылыс жұмыстары 98 пайызға орындалған. Жабдықтарды монтаждау толығымен аяқталған болса, әкімшілік-тұрмыстық ғимараттың құрылысы

80 пайызға жеткен. Сыртқы қаптау жұмыстары бітіп, аумақты абаттандыру мен көгалдандыру қарқын алып келеді.

Кәсіпорынның басты артықшылығы – өндіріс процесінің толық автоматтандырылуы. Бұл жаңа технологиялар өнім сапасын арттырып, өндіріс тиімділігін еселей түспек. Зауыт жылына 90 миллион кірпіш өндіруді көздеп отыр. Нәтижесінде 70 адам тұрақты жұмыспен қамтылады деп жоспарлануда. Өндіріс орны өңір экономикасына оң ықпал етіп, құрылыс индустриясындағы отандық өнімнің үлесін арттыратыны сөзсіз.

Г. ЖҰМАҒАЛИ.
Қызылорда облысы.

АППАРАТТЫҚ КЕҢЕС

КАДР ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің төрағалығымен өткен аппараттық кеңесте өңірдің жергілікті атқарушы органдарындағы кадр тұрақтылығының жай-күйі қаралды.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Жамбыл облысы бойынша департаментінің басшысы Руслан Шарипов кадр тұрақтылығына жүргізілген талдау қорытындыларын баяндады. Ал, облыс әкімі аппаратының басшысы Лесбек Ілебаев бос лауазымдар орнын толықтыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды.

2025 жылғы 2 мамырдағы жағдай бойынша Жамбыл облысының жергілікті атқарушы органдарында 121 тұрақты және 24 уақытша бос лауазым бар. Қазіргі таңда өңірде 2314 мемлекеттік қызметші еңбек етеді. Жыл басынан бері олардың 453-і біліктілігін арттырды, 117-сі қайта даярлау курстарына қатысып, 90 мемлекеттік қызметші тағылымдамадан өтті. Барлығы 92 бос лауазымға 60 ішкі және жалпы конкурс тәуелсіз бақылаушылардың қатысуымен өтті. Облыстың жергілікті атқарушы органдарында мемлекеттік қызметшілердің жұмыстан теріс себептермен босатылу фактілері тіркелген жоқ. Бүгінге дейін Өңірлік кадр резервінің 7 мүшесі қызметке тағайындалды.

Басқосуда Тараз қаласы мен аудан әкімдері кадр тұрақтылығының жай-күйі бойынша есеп берді.

– Кадр тапшылығы мәселелердің жедел шешілуіне, жобалардың орындалу деңгейіне және азаматтарға көрсетілетін қызметтің сапасына кері әсер ететіні анық. Осыған байланысты кадр тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін заң талаптарына сәйкес, дер кезінде тиісті шаралар қабылдау қажет, – деген облыс әкімі жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берді. Сонымен бірге, Өңірлік кадр резерві мүшелерін лауазымдарға тағайындау, аудандық және ауылдық деңгейдегі бос лауазымдарға жоғары оқу орындарының түлектерін конкурссыз орналастыру және өзге де мәселелер бойынша жұмысты жандандыруды талап етті.

Сондай-ақ аппараттық кеңесте облыс әкімінің Меркі ауданы тұрғындарымен кездесуінде және жеке қабылдауында берген тапсырмаларының орындалу барысы сараланды.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

КӨКТЕМГІ ЕГІС

НАУҚАН АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Жетісу облысында көктемгі егіс науқаны аяқталуға жақын. Жоспарланған жаздық дақылдардың 91,5 пайызы, қант қызылшасының 12,1 мың гектары себілді. Қант қызылшасын себу 15 мамырда, дәнді дақылдар 1 маусымға дейін толығымен аяқталады деп күтілуде.

Көктемгі дала жұмыстарына 20,6 мың ауылшаруашылығы техникасы тартылған. Биылғы жылға арзандатылған дизель отынының бекітілген көлемі 5,5 мың тонна болса, оның 3,2 мыңы облысқа жеткізілді. Сол сияқты жоспарланған 58,8 мың тонна тыңайтқыштың 44,8 мың тоннасы сатып алынып, қолданылуда.

– Көктемгі дала жұмыстары мен егін жинау науқанына «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы 14,3 миллиард теңге бөлінді. Бүгінгі таңда 5,1 миллиард теңгесі 198 шаруашылыққа берілді. Ал, вегетациялық кезең туралы айтсақ, егінге су беру жұмыстары басталды. Суаруға 1 миллиард текше метрі су беріледі деп жоспарлап отырмыз. Биыл шегіртке тектес зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары 114,8 мың гектар жерде жүргізіледі. Бұл өңдеу жұмыстары бүгіннен басталды. Жалпы оған 5 әуе ұшағы, 4 дрон және 17 жер үсті бүріккіштері жұмылдырылады, шоғырланған жерлерін анықтау жұмыстарына 204 адам және 79 автокөлік тартылады. Оған республикалық және жергілікті бюджеттен биыл 455,8 миллион теңге бөлінген,– дейді Жетісу облысы ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ЖАЗЫЛЫМ - 2025

ҚАДІРМЕНДІ ОҚЫРМАН!
Республикалық «SALYQ TÁRTIBI» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны жалғасуда. Газетімізге кез келген Қазпошта бөлімшесі арқылы жазылуға болады.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:
6 айға – 4 320,00 теңге
12 айға – 8 640,00 теңге

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:
6 айға – 9 051,00 теңге
12 айға – 18 102,00 теңге

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН:
6 айға - 4 320,00 теңге.
12 айға - 8 640,00 теңге.
Жазылым индексі: 65604

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН:
6 айға – 4 620,00 теңге
12 айға - 9 240,00 теңге.
Жазылым индексі: 15604

Ел аумағындағы елеулі жаңалықтарды, өзекті мәселелерді тарқатып жазатын сүйікті басылымыңызға жазылуды ұмытпаңыз.

ҮКІМЕТ

КЛАСТЕРЛІК ІРІ ӨНЕРКӘСІП ЖОБАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Премьер-Министр Олжас Бектенов химия және металлургия салаларында жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластер құруға бағытталған ірі өнеркәсіп жобаларын жүзеге асыру мәселелері бойынша кеңес өткізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, экспортқа бағдарланған өндірісті қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде.

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев бүгінде жалпы инвестиция көлемі шамамен 10 миллиард доллар және 8,7 мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын ашатын 5 ірі бастаманың жүзеге асырылып жатқанын баяндады. Абай облысында қуаттылығы 300 мың тонна катодты мыс балқыту зауытының құрылысы жүргізілуде. Инвестицияның жалпы көлемі 1,5 миллиард долларға жетеді. Зауыт жұмыс істеп тұрған «Бозшакөл», «Ақтоғай» және «Шығыстүстімет» кен орындарынан концентраттарды өңдеуге арналған. Бір мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын ашу көзделген. Бүгінгі таңда жоба «Бірыңғай индустрияландыру картасына» енгізіліп, инфрақұрылымға қосылу бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

Қарағанды облысында «Qarmet» АҚ өндіріс көлемін арттыра отырып, машина және автомобиль жасау кәсіпорындары үшін өнімнің жаңа түрлерін шығару арқылы ауқымды жаңғырту бағдарламасын іске асыруда. Инвестиция көлемі 3,5 миллиард долларды құрайды. 2028 жылға дейін жыл сайын 9 миллион тоннаға дейін көмір өндіруді, 5 миллион тоннаға дейін темір кені концентраты мен болат өндіруді қамтамасыз ету жоспарлануда. Екі мың жаңа жұмыс орны ашылады. Бұған дейін жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2024 жылы өндірістік қызмет толық қалпына келтірілді, жабдықтарды күрделі жөндеу аяқталды, 8 шахтаның 7-де көмір өндіру жұмыстары жүргізілуде, бұл өндіру көлемін 7 пайызға арттыруға мүмкіндік берді.

Қостанай облысында «ССКӨБ» АҚ базасында қуаты жылына 2 миллион тонна, құрамында 90 пайыздан астам темір бар ыстық брикеттелген темір өндіретін зауыт салу жоспарлануда. Кәсіпорын металлургияда экологиялық таза технологияларды енгізу үшін тірек нысанына айналады. Бүгінгі таңда халықаралық қаржы институттарының қатысуымен газ жеткізу, инфрақұрылымға қосылу және қаржыландыру көздері мәселелері пысықталуда. Инвестициялардың жалпы көлемі 1,2 миллиард долларды құрайды. Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде 1 мың тұрақты жұмыс орны ашылады.

Батыс Қазақстан облысында «Сатимола» кен орны базасында калий хлоридін шығару бойынша байыту-өндірістік кешен салу жобасы іске асырылуда. Кәсіпорын қуатын жылына калий хлоридін 12 миллион тоннаға дейін біртіндеп арттыра отырып, төрт кезең бойынша іске қосылады деп жоспарлануда. Қазіргі уақытта жобада бұрғылау жұмыстары жүргізілуде, жер телімдері алынды, тау жыныстарын мұздату үдерістері іске қосылды, сыртқы инфрақұрылым қалыптасуда. Жобаның жалпы құны 2,4 миллиард доллардан асады.

Сондай-ақ Премьер-Министрге Маңғыстау облысындағы «KazAzot Prime» ЖШС аммиак-карбамид кешенінің құрылысы туралы баяндалды. Жоба ішкі нарықтың минералды тыңайтқыштарға деген сұранысын қамтамасыз етеді. Іске асыру нәтижесінде 700 жұмыс орны ашылады. Іске қосу 2029 жылы күтілуде. Инвестиция көлемі шамамен 1,5 миллиард доллар.

Кеңес барысында заманауи өнеркәсіптік кластерлерді қалыптастыруға кешенді көзқарастың қажеттілігі атап өтілді. «Осы секторлардағы жаңа жобалар қосылған құны жоғары өнім шығаруға, заманауи технологияларды енгізуге және бәсекеге қабілетті кластерлерді қалыптастыруға бағытталған индустриялық өсудің берік тұғырына айналуы тиіс. Олардың айналасында шағын және орта бизнес кәсіпорындары, сервистік компаниялар, логистикалық орталықтар және заманауи инфрақұрылым белсенді түрде дамуы керек. Біз мыңдаған жаңа жұмыс орнын құруға, барлық өңірдің экономикасын жандандыруға мүмкіндік беретін қуатты мультипликативтік әсерге сенеміз», деп атап өтті Олжас Бектенов.

Мемлекеттік органдарға жобаларды жүзеге асыруға сапалы қолдау көрсетуді қамтамасыз ету тапсырылды. Өнеркәсіп және құрылыс, Ұлттық экономика министрліктері барлық жобаны уақтылы іске қосу шараларын қабылдауы керек.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

AMANAT

ӘКІМДЕР ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫН ҚОРҒАП ЖАТЫР

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, жүзеге асырылып жатқан «Әкімдер мектебі» жобасы аясында «AMANAT» партиясының Қостанай облыстық филиалы ауыл және ауылдық округтер әкімдерінің болжамды инвестициялық жобалар тізімін қорғау іс-шарасын ұйымдастырды. Оған партияның облыстық филиалының төрағасы Алмат Досмұхамедов арнайы қатысып, әкімдердің бастамаларын тыңдады.

Тыңдау жұмысына Мемлекеттік басқару академиясының өңірлік филиалы, партия жанындағы Саяси менеджмент академиясының лекторлары, сондай-ақ облыстық партия филиалы мен өңірлік атқарушы органдар: Ауылшаруашылығы және Жер қатынастары, Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму, Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармаларының өкілдері қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасында ауыл кәсіпкерлігін дамыту маңызды басымдық ретінде белгіленген. Осы бағытта жүзеге асырылып жатқан «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2029 жылға дейін 1 триллион теңге бөлініп, кемінде 1 миллион ауыл тұрғынын қамту көзделген. Қостанай облысы бойынша бұл жобаға 40551 адамды тарту жоспарланған.

Аталған міндетті орындау мақсатында ақпан мен мамыр айлары аралығында «AMANAT» партиясы мен Мемлекеттік басқару академиясы бірлесіп, 133 ауыл әкімін біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша оқытты. Нәтижесінде әкімдер өз округтерінің экономикасын дамыту жөніндегі нақты жоспарларын әзірлеп, ауылшаруашылығы кооперативтерін құруға басымдық бере отырып, болжамды инвестициялық жобалар тізімін жасады.

Инвестициялық жобалардың тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында олардың құрылымына кемінде 30 пайызға жеке қосалқы шаруашылықтарды тарту қажеттігі ескертілді.

Бұл бастама «Ауыл аманаты» жобасын сапалы жүзеге асыруға, сондай-ақ ауылдық аумақтарда нақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам болды.

С. МЫРЗАБАЙ.
Қостанай облысы.

ҚАУІПСІЗДІК

ГАЗ БЕН ТЕМІРЖОЛДАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Қанатбек Мәдібектің төрағалығымен өткен аппараттық кеңесте өңір халқының қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін маңызды мәселелер талқыланды. Кеңесте теміржол бойында адамдардың пойыз астына түсіп қаза табуы және малдың өлімі, сонымен қатар, тұрғын үйлерде газ құрылғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік мәселелері қаралды.

Жиынға облыстық энергетика басқармасы, автомобиль жолдары басқармасы, Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы, Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы, Сапа талдау және бағалау орталығы, Полиция департаменті, қылмыстық-атқару жүйесі қызметі, теміржол мекемелері, «ҚазАвтоЖол» АҚ, «КажСервис» ЖШС, «QazaqGaz Aimaq» АҚ Жамбыл филиалы, «Интергаз Орталық Азия» ЖШС өкілдері, Тараз қаласы әкімдігінің және аудан әкімдіктерінің қызметкерлері (бейнебайланыс арқылы) қатысты.

Кеңесте алғаш болып «QazaqGaz Aimaq» АҚ Жамбыл өндірістік филиалының директоры Бахтияр Көпбосынов сөз сөйледі. Оның айтуынша, Тараз қаласында тұтынушылардың 80 пайызына техникалық қызмет көрсетілсе, қалған 20 пайызы – ең осал топ саналады және олармен жұмыс белсенді түрде жүргізілуі тиіс. Ол қызмет көрсету сапасын арттыру және қауіпсіздікті күшейту мақсатында газбен қамту аймақтарын нақты бөліп, жауапты ұйымдарды бекітуді ұсынды.

2025 жылы Жуалы, Талас және Жамбыл аудандарындағы тоғыз елді мекенге газ тартылып, облыстың газдандыру деңгейі 91,3 пайыздан 91,8 пайызға дейін өседі деп жоспарланып отыр. Сонымен қатар, газды қауіпсіз пайдалану жөнінде түсіндіру жұмыстары жалғасады. Биылғы жылдың алғашқы төрт айында облыста газдың шығуы мен иісті газбен улануға байланысты 21 оқиға тіркеліп, 61 адам зардап шеккен, олардың 23-і – балалар. Бұл қайғылы оқиғалардың басты себептері– газ құрылғыларының техникалық ақауы және тұрғындардың қызмет көрсетуші ұйымдармен келісімшарт жасамауы.

Бахтияр Көпбосынов ҚР «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңының 19-бабына сәйкес, тұрғындар газ жабдықтарының қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етіп, лицензияланған ұйыммен келісімшарт жасауға міндетті екенін еске салды. Сондай-ақ ҚР Энергетика министрлігінің №117 бұйрығына сәйкес, газбен жабдықтау ұйымдары тек бекітілген үлгідегі келісімшарт аясында қызмет көрсетуі тиіс.

Қанатбек Мәдібек бұл мәселелер бойынша кемшіліктерді жоюды тапсырды. Ол газ тұтыну үшін ақы жинайтын ұйымдардың да қауіпсіздік талаптарының сақталуына жауапты болуы қажет екенін атап өтті. Оның айтуынша, газ құбырлары мен мұржаларды уақытында тазалап отырса, көптеген қайғылы жағдайлардың алдын алуға болар еді. Бұл ақпаратты халыққа кеңінен тарату – әсіресе, әлеуметтік желілер арқылы – өте маңызды. Сонымен қатар, газ бағасын біріздендіріп, нақты есеп жүргізу, бақылау жүйесін ашық ету қажеттігі айтылды. Кейбір жағдайда тек төлем жинаумен шектеліп, газ құрылғыларының техникалық жағдайы мүлде ескерілмейді. Тексеру кезінде қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін тұрғын үйлерді газдан ажырату қажет екенін де тілге тиек етті.

Кеңес барысында теміржол қауіпсіздігі мәселесі де көтерілді. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Жамбыл бөлімшесінің бас инженері Дүйсенбек Сыдықовтың айтуынша, соңғы жылдары пойыздың адамдар мен малды басып кету жағдайлары жиілеген. 2022 жылдан бері өңірде осындай 32 оқиға тіркеліп, оның 12-сі өліммен аяқталған. Атап айтқанда, Тараз, «Құмшағал», «Мыңбұлақ», «Шоқпар» стансалары мен басқа да елді мекендерде теміржол жолдары тұрғын үйлерге тым жақын орналасқан. 2024 жылы осындай төрт қайғылы жағдай орын алып, оның бірі – бала өлімімен аяқталған. Бұл жағдайлар рұқсат етілмеген өткелдердің, қоршаулардың жоқтығынан және жүк пойыздарының көбейіп кетуінен туындап отыр. Осыған байланысты қауіпті аймақтарға қоршаулар орнатып, жаяу жүргіншілерге арналған өткелдер (жерүсті немесе жерасты) салу, сондай-ақ жергілікті билік пен мемлекеттік органдардың бірлескен әрекетін күшейту қажет.

Кеңес қорытындысында барлық мүдделі тараптардың белсенді өзара іс-қимылының маңыздылығы атап өтілді. Қанатбек Мәдібек халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – барлығымыздың ортақ міндетіміз екенін айтып, нақты шаралар уақытылы әрі сапалы орындалуы тиіс екенін ескертті.

Н. ҒАЛЫМ.
Жамбыл облысы.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

ШУ – ҚАУІПСІЗ АУДАН

Қай кезде де адам құқығы үлкен маңызға ие екені белгілі. Демократиялық ел болудың алғышарты да, негізгі тірегі де – осы. Сондықтан еліміз адам құқығының аяқасты қалмауын үнемі алдыңғы орынға қояды. Бұл ретте, ең алдымен заңның үстемдігі және құқықтық тәртіптің жоғары деңгейде болуы аса маңызды. Бұл бағытта ауданымызда атқарылып жатқан жұмыстар аз емес.

Оның қатарында «Шу – қауіпсіз аудан» атты профилактикалық іс-шаралар бағдарламасын атап өтуге болады. Аудан прокуратурасы, Полиция бөлімі мен Аудан әкімдігі және өзге де мүдделі мекемелердің бірігуімен жүзеге асырылып жатқан жобаның жемісті болары сөзсіз. Себебі, ұзақ уақыттан бері шешімін таппаған мәселелер ретімен шешіліп, сең қозғалғандай болды. Оны жуырда өткен бірлескен ведомствоаралық кеңестің күн тәртібінде қаралған мәселелерге қарап, аңғаруға болады.

«Шу – қауіпсіз аудан» профилактикалық іс-шаралар бағдарламасын іске асыру және өзекті мәселелер бойынша уәкілетті органдармен қабылданған шаралардың тиімділігі» атты кеңеске Аудан әкімі Б.Жәнібеков пен Аудан прокуроры Қ.Қуатбеков төрағалық етіп, оған құқық қорғау органдарының басшылары, мемлекеттік кірістер басқармасы мен әкімдікке қарасты бөлім басшылары, сондай-ақ Шу қаласы мен ауылдық округ әкімдері қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Шу ауданы прокурорының орынбасары А.Мейірхан баяндама жасаса, аудан әкімінің орынбасары Н.Сұлтанбаев пен полиция бөлімі бастығының орынбасары атқарылған жұмыстар бойынша есептерін баяндады. Ең алдымен аудан прокурорының орынбасары өңірімізде құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстарда кемшіліктердің жиі орын алып отырғанын айтып, 4 айда жалпы қылмыс 9,3 пайызға артқанын жеткізді. Оның басым бөлігі тұрмыстағы жанжалдан туындаса, одан бөлек пәтер ұрлығы мен масаң күйдегі қылмыстар да алдыңғы қатарда тұр. Сонымен бірге, жергілікті әкімдік пен полиция бөлімі бірқатар елді мекендердегі учаскелік полиция пункттерін ұйымдастыру және қызметтік баспанамен қамтамасыз ету мәселесін толық шешпегенін де атап өтті. Бұл жағдай халық тығыз шоғырланған елді мекендерде қылмыстың өсуіне сеп болып отырған көрінеді.

Өз кезегінде аудан әкімінің орынбасары Н.Сұлтанбаев құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында әкімдік тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарды тілге тиек етіп, алдағы жоспарларды да атап өтті.

– Өткен жылы учаскелік полиция инспекторларын баспанамен қамтамасыз ету мақсатында 12 миллион теңгеге Тасөткел және Ақтөбе ауылдық округтерінен қызметтік үй алынған. Ал, ағымдағы жылы бұл мақсатта 21 миллион теңге қаражат бөлініп отыр. Одан бөлек, былтырғы жылдың соңында «Ел болам десең, тойыңды түзе» атты форум өткізіп, онда аудан кәсіпкерлерімен меморандумға қол қойылды. Нәтижесінде, қазіргі таңда той жиындардың басым бөлігінде талапқа сай сағат 23.00-ге дейін аяқтау дағдысы қалыптасып келеді. Бұл бағыттағы түсіндірме жұмыстары алдағы уақытта да жалғаса беретін болады, – деді Н.Кенжеханұлы.

Ауқымды мақсаттарды көздеген аталмыш бағдарламаның жай-жапсары талқыланған басқосуды аудан әкімі Бақытжан Оразалыұлы мен аудан прокуроры Қайыржан Еркінбекұлы қорытындылады. Басшылар жұмыстың қарқынын үдетіп, қылмыстың жолын кесетін барлық шараларды тиянақты орындауды тапсырды. Сондай-ақ нәтижелі жұмысқа қол жеткізуде аянбай тер төгу керектігін жеткізді.

Е. ҚАРТАЙҒАН.
Жамбыл облысы.

ТУРИЗМ

БИЗНЕС ПЕН ЭКОНОМИКАНЫ КӨТЕРУДІҢ ЖОЛЫ...

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында «Туризм аймақтардың дамуына серпін беретін сала болуы тиіс. Жергілікті жердегі республикалық және халықаралық іс-шаралар өңірлердің туристік әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Биыл Таразда өтетін «Достық жәрмеңкесі» осындай жобалардың бірі болмақ. Жәрмеңкеге көптеген елдердің қолөнершілері мен ауылшаруашылығы мамандары шақырылды. Бұл іс-шара серіктес елдермен экономикалық байланысымызды одан әрі күшейтеді. Сонымен қатар, ең көне және сауда мәдениет орталығының бірі - Тараз қаласының беделін арттыра түседі, облысқа жаңа инвестиция тартуға және туристердің көптеп келуіне септігін тигізеді», деп атап көрсетті. Иә, Тараз қаласы мен оған іргелес аумақтарда тарихи және көне ескерткіштердің орналасуына байланысты туризм дамып келеді. Облыс орталығынан бөлек Жуалы экотуризмге өте қолайлы аудандардың бірі. Ауданның географиялық тұрғыдан тиімді орналасуы да көптеген инвесторларды қызықтырып отыр.

Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Руслан Айтбаев ауданда 6500 кәсіпкерлік нысан тіркелгенін, оның екеуі орта, 203-і шағын, ал 2600-і жеке кәсіпкерлік екенін айтты. Қалғаны ауылшаруашылығы бағытында жұмыс істеп жатқан жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен шаруа қожалықтары көрінеді. Жалпы кәсіпкерлік нысандар 700-ден аса адамды тұрақты жұмыспен қамтыған.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен Жолдауында да, Ұлттық құрылтайдың соңғы отырысында да шетелдік және отандық инвесторларды тарта отырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қалыптастыруды, туризм саласын жандандыруды тапсырған болатын. Президент тапсырған міндеттер ауданымызда жоспарлы түрде жүзеге асырылу үстінде. Жалпы ауданда экотуризмді дамытуға мүмкіндік мол. Атап айтар болсақ, Кеңес Одағының Батыры, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы мен Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның әңгімелеріне арқау болған Ақсай мен Көксай, Теріс өзені талайды тамсандырғаны анық. Түстігіндегі «Ақсай», «Көксай» шатқалдары, теріскейіндегі «Берікқара» шатқалы келушілерді ғажап табиғатымен баурап алуда. Шындығын айтқанда, біздің өлкеде туристік орталықтар енді-енді жанданып келеді, – дейді Руслан Айтбаев.

Бүгінгі күні аудан аумағында «Берікқара» шатқалындағы «Тау самалы» жазғы сауықтыру орталығы мен «Теріс-Ащыбұлақ» су қоймасы жағалауындағы «Солнечный берег» демалыс аймағы жұмыс істеп тұр. «Тау самалы» 150 орынға шақталған. Онда жыл сайын көктемде «Қызғалдақ» фестивалі өтеді. Бірнеше жыл бұрын сауықтыру орнына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жол салынды. Ал, «Солнечный берег» демалыс орталығы жыл бойы жұмыс істеп келеді. Демалыс орталығында кафе, 10 орынды қонақүй, киіз үйлер мен жаздық шағын үйлер бар. Нысанның иесі, жеке кәсіпкер Олег Сарафинов демалыс аймағынан су спортын дамытуды да жоспарлауда.

Сонымен қатар, «Теріс-Ащыбұлақ» су қоймасының астында жұмыс істеп жатқан «Орлёнок» сауықтыру жазғы демалыс орталығы да облыс тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналған. Бүгінде ол орталыққа отандастарымыз бен шет мемлекеттен келіп, демалушылардың да қарасы қалың. Ол да аудандағы туризмнің дамуына өз үлесін қосуда. Осылайша жергілікті кәсіпкерлердің уақыт талабына сай өңірдің көрікті жерлерін туристік аймаққа айналдыра бастады.

Бұдан бөлек, ауданда жұмысы тұралап тұрған екі жазғы сауықтыру орталығы бар. Біреуі Қаратау қойнауындағы «Берікқара» шатқалындағы «Берікқара» жазғы сауықтыру орталығы болса, екіншісі – Кеңес Одағының Батыры Дмитрий Пахомов атындағы пионер лагері. «Берікқара» жазғы сауықтыру орталығын Білікөл ауылдық округіндегі Миразовтар отбасы өз қарауына алып, жыл бойы жұмыс істейтін 300 орынды отбасылық демалыс орталығына айналдырған. Қазір «Берікқара» шатқалының сұлу табиғаты мен көрінісіне, сирек кездесетін ағаштары мен өсімдіктерін көруге туристер жан-жақтан келіп, демалуда. Ал, Дмитрий Пахомов атындағы пионер лагері әзірге бос тұр. Оны жөндеп, баяғы қалпына келтіріп, жандандырар кәсіпкер табылып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

Жуалы ауданындағы туризм саласында аяқсыз қалып тұрған тағы бір жоба– «Қаралма» тау-шаңғы кешені. «Батыс Еуропа–Батыс Қытай» халықаралық автожолының бойындағы Тәттібай Дүйсебайұлы ауылының үстіндегі «Қаралма» тау бөктерінде орналасқан тау-шаңғы кешенінің құрылыс жұмыстары ә дегенде қарқынды басталып-ақ еді, соңы созылып, бүгінде жұмысы тоқтап қалды. Бірнеше мердігер ауысса да әзірге нәтиже болмай тұр.

– «Қаралма» тау-шаңғы кешенінің құрылыс жұмыстары 2018 жылы басталып, одан кейінгі екі жылда жұмыс жақсы жүргізілді. Алайда, оның инвесторы кейінгі жылдары қаржылық қиындықтарға байланысты құрылыс жұмыстарын жалғастыра алмады. Бұл аралықта инвестор бірнеше ғимарат пен негізгі кешеннің біраз құрылыс жұмысын аяқтап та қалған. Ал, билік тарапынан инвесторға қажетті қолдаудың барлығы көрсетілді. Жол салынды, жарық пен газ құбыры тартылды. Қалған жұмыс инвестордың жеке қаржысы есебінен жүргізілуі тиіс болатын. Бірақ, арада инвесторлар ауысты. Шынын айтқанда, бұл жоба 100 пайыз жеке инвестордың күшімен атқарылатын жұмыс. Оның нысанды қашан пайдалануға беретінін біз де дөп басып айта алмаймыз, – дейді аудан әкімі Жалғас Мұртаза.

Дегенмен, аудан басшысы өз сөзінде бүгінгі инвестор алдағы уақытта жазғы демалыс орнын ашып, одан кейін тау-шаңғы кешені жобасын іске қосуға ниетті екенін жеткізді.

Сонымен қатар, аудан әкімі ауданда экотуризмді дамыту мүмкіндігінің жоғары екенін де айтты. Ол үшін «Көксай» шатқалы таңдап алынған. Үш-төрт жыл бұрын қолға алынған «Көксай» туристік орталығы қазірден-ақ көп туристің жүрегіне жол тауып үлгерген. Онда құрылысы жүріп жатқан нысандар мен қонақүйлер, асхана мен киіз үйлер демалушылар үшін таптырмас орынға айналған. Мұнымен қоса, «Көксай» шатқалының түкпірінде, яғни, «Ақсу-Жабағылы» қорығына қарайтын аймақта орналасқан «Айнакөлді» көруге қызығушылар қатары да жыл санап арта түсуде. Оның жарнамасының өзі талай туристі осында келуге ынталандырып отырғаны белгілі. Бұл да сәтін салса өңірдегі экотуризмге жол ашатын бағыттың бірі болады.

Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысындағы «Жалпы, әр аймақта жұртшылық асыға күтетін әрі дәстүрге айналған осындай маңызды мәдени-туристік шаралар өтіп тұрады. Оны негізінен демеушілердің қаражаты есебінен ұйымдастырған жөн. Іс-шараларды жыл бойы жалғасатындай етіп, біркелкі бөлу, берент ретінде қалыптастырып, жарнамалау қажет. Әрбір оқиға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетіліп, ел ішінде және шет елдерде жұрт назарына ілігуге тиіс. Мұның өзі адамдардың аймақтарға қызығушылығын арттырып, туризмді дамытуға мүмкіндік береді», дегені түрлі деңгейдегі әкімдерден бастап, салаға жауапты қызметкерлердің, тіпті журналистәріптестердің де есінен шықпаса дейміз.

Мәселен, Жуалы ауданында туристердің көп баратын орны – «Шақпақ әулие» үңгірі. Ол Шақпақата ауылының оңтүстігіне қарай 600 метрдей жерде, Шақпақ қалашығының шығыс беткейінде, шоғыр тау жыныстарында орналасқан. Тереңдігі 5,5-6, биіктігі 2,5 метрді құрайды. Оны жұрт «Шақпақ әулие» атап, ол жерге барып зиярат етеді. Онда еліміздің түкпір-түкпірінен дертіне шипа іздеп, кие тұтып келетіндердің қарасы қалың. Келгендер үңгір алдындағы шетікке ырым етіп, шүберек байлап барып, ішке кіреді. Әулиенің басына күтім жасап отыратын шырақшысы бар. «Шақпақ әулие» үңгірінен 200 метрдей жерде әулие бастауы бар. Халық оны «Шақпақ әулиенің бастауы» деп кие тұтады, суын емге пайдаланады. Бұл жерге де кәсіпкерлердің қолдауы керек-ақ.

Бүгінде Теріс өзені жағасындағы ортағасырлық қала жұрты Баркуаб қалашығында үш-төрт жылдай қазба жұмыстары жүргізілсе, қазір қаржының жоқтығынан тоқтап тұр. Көне қала жұрты Теріс өзенінің оң жағалауында орналасқан. Бұл қалашық орнына XIX ғасырда В.Бартольд пен В.Каллаур зерттеу жүргізіп, хатқа түсірген. Бұл қалашық бірқатар тарихшылардың және саяхатшылардың еңбектерінде аталған. Бұған дейін жүргізілген қазба жұмыстары барысында ол қорғаннан көп жәдігер табылды. Ел тарихшылары қаланың жасын біздің дәуірімізге дейінгі II, біздің дәуіріміздің I ғасырларына, Қаңлы мемлекеті кезеңіне жатқызады. Елімізде біздің дәуірімізге дейінгі қаланың бүтін табылуы әлем тарихшыларын қызықтырып отырғаны анық. Көне қала жұрты орналасқан қорғанды алдағы уақытта тарихи орталыққа айналдыру жоспарлануда.

Өңірдегі негізгі туристік нысандар тізіміне «Бауыржан Момышұлы» мемориалдық музейі, «Бауыржан Момышұлы» ескерткіші, «Қаралма» тау-шаңғы кешені, «Баркуаб» қалашығы, «Теріс-Ащыбұлақ» су қоймасы, «Шақпақ әулие» үңгірі, «Берікқара» обалар қорымы, «Берікқара» шатқалы, және «Көксай» шатқалы кіреді.

– Алда тұрған алғашқы міндеттердің бірі қазіргі заман талабына сай туристік инфрақұрылымды дамыту болғандықтан, негізгі туристік нысандардағы келушілерге қолайсыздықтар мен жағымсыз әсерлер тудыратын кемшіліктерді жойып, оларды әрі қарай жаңарту, цифрландыру, көркейту бағытында нақты шаралар қабылдау қажет. Түгендеу жұмысының қорытындысы бойынша үш нысанға («Баркуаб» қалашығы, «Көксай» шатқалы, «Шақпақ әулие» үңгірі) автожол, автотұрақ салу, санитариялық-гигиеналық тораптар орнату, «Баркуаб» қалашығына электр желісін тарту, барлық нысандардағы ақпараттық тақтайшалар мен жолсілтегіштерді ауыстыру, қоқыс жәшіктерін, орындықтар, сұқбатжайлар орнату, әр нысанға паспорт жасау, «QR»-кодтағы ақпаратты қажеттілігіне байланысты жаңартып отыру қажет, – дейді аудандық өлкетану музейінің қызметкері Дәулетжан Байдалиев.

Берікқара шатқалында «Берікқара» ерекше қорғауға алынған мемлекеттік табиғи (біріктірілген) қаумалы орналасқан. Оның жалпы алаңы 17500 гектар алқапты құрайды. Өсімдіктер – жабайы алма ағаштарының сирек кездесетін түрлері, «Соғды» шағаны, «Берікқара» терегі, «Грейг» қызғалдағы. Жануарлардан арқар, құстардан ұлар, дуадақ, безгелдек кездеседі. Қаумал құрамына «Саясу», «Жұрындысай», «Берікқара», «Шымырбайсай», «Ақсақалсай» табиғи шатқалы кіреді. Ол республикалық дәрежедегі мемлекеттік тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енген. Топографиялық түсірілімдер нәтижесінде Берікқара өзенінің қос жағалауынан барлығы 411 оба тіркеуге алынған. Жалпы ауданда 360 тарих-мәдени ескерткіш бар. Туристерді қабылдайтын бес қонақ үй, бір балалар лагері, 11 кафе-мейрамхана мен алты демалыс орталығы жұмыс істейді.

– Біз ауданда туризмді дамытуға мүдделіміз. Өйткені, ауданымыз туризмді дамытуға қолайлы жерде орналасқан. Ауданымыздың аумағынан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі өтеді. Оның әлеуетін әлі толық пайдалана алмай келеміз. Жалпы, ауданның жағырапиялық орналасуы өте тиімді. Тараз бен Шымкент қалалары бізге жақын. Соған қарап өңірімізде туризм саласы тез дамиды деген ойдамыз, – дейді аудан әкімдігі кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Руслан Айтбаев.

Президенттің «Туризм – бизнес пен экономиканың тұтас саласы. Мамандарды даярлау қажет», дегені де естен шықпаса дейміз. Туризм дамыса, онымен қатар, бизнес те қанат жайып, экономика қарыштап өседі.

А. ӘБІЛ.
Жамбыл облысы.

ДИҚАН КӨКТЕМІ

ЕГІС НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

Қарағанды облысында биыл егіс алқабы 1,2 миллион гектарды құрайды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 105 мың гектарға артық. Әртараптандыру бағдарламасы бойынша майлы және жемшөп дақылдарын егу бидайды қысқарту есебінен ұлғайтылады. Бұл мал шаруашылығын дамыту үшін жем-шөп базасын құруға көмектеседі. Сондай-ақ өңірде азық-түлік қауіпсіздігін нығайту үшін картоп пен көкөніс отырғызу көлемі үлкеймек.

Егіс науқанының басталуы туралы аппараттық кеңесте ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Әнуар Төлібеков баяндады.

– Бүгінгі таңда барлық аудандарда ауылшаруашылығы тауарын өндірушілер егіс жұмыстарына кірісті. 11 мамырда 121,7 мың гектар алқапқа дәнді дақылдар, 12,2 мың гектар жерге майлы дақылдар, 2100 гектар жерге картоп, 140 гектар жерге көкөніс және 19500 гектар жерге жемшөптік дақылдар себілді. Жаппай егіс науқаны мамырдың екінші онкүндігінде басталады, – деп хабарлады ол.

Ол мемлекеттік қолдаудың арқасында аграршылар алдын ала жоғары сапалы тұқымдар мен минералды тыңайтқыштарды сатып алып, техниканы жаңарта алғанын атап өтті. Ауылшаруашылығы басқармасының мәліметінше, егіс науқанына 10,5 мың трактор, 229 егіс кешені, 4,4 мыңнан астам тұқым сепкіш және 9,7 мың бірлік өзге де техника жұмылдырылған. Өңірде суармалы жерлерді айналымға енгізу жұмыстары жалғасуда.

Өсімдік өсірушілерге арзандатылған дизель отыны бөлінді. Сонымен қатар, тұқым шаруашылығына, пестицидтер мен тыңайтқыштарды сатып алуға, су жеткізуге субсидия түрінде мемлекеттік қолдау көрсету қарастырылған. Шаруалар «Кең дала» және «Кең дала 2» бағдарламалары бойынша жеңілдікті несиелерді де пайдаланды.

Егістік жұмыстарының барысы туралы аудан әкімдері де баяндады.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев егіс науқанын уақытылы өткізу жөнінде тапсырма берді.

– Мемлекет тарапынан ауылшаруашылығы саласында қолдау көрсету тетіктері жеткілікті. Біз қолда бар мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдалануға тиіспіз, – деп атап өтті өңір басшысы.

Айта кетейік, Қарағанды облысында 2024 жылы 1 миллион 300 мың тонна астық жиналды. Бұл соңғы 13 жылдағы ең жоғары нәтиже. Табыстың негізгі факторлары мемлекетті қолдау, жоғары сапалы тұқымдар мен минералдық тыңайтқыштарды пайдалану, агротехнологияларды сақтау.

А. РАХЫМҚҰЛОВА.
Қарағанды облысы.

ЭКОНОМИКА

ШАҺАРДЫҢ ӨНДІРІСТІК ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Шымкент қаласында өнеркәсіп саласы күн өткен сайын қарқынды дамып, ел экономикасына елеулі үлес қосып келеді. Қаладағы ірі өндіріс орындарының саны артып, шағын және орта кәсіпорындардың да белсенділігі жоғарылауда. Жыл басынан бері тіркелген өсім көрсеткіштері өңірдің өндірістік әлеуетінің артып келе жатқанын аңғартады.

2025 жылдың қаңтар-наурыз айлары аралығында Шымкент қаласының өнеркәсіп саласында өндірілген өнім көлемі 309,5 миллиард теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 17,9 пайызға артқан. Бұл – қала экономикасының динамикалық даму жолына түскенін айғақтайтын маңызды көрсеткіш.

Өндіріс көлеміндегі ең ірі үлесті өңдеу өнеркәсібі алып отыр. Салада 262,5 миллиард теңгенің өнімі өндірілген. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 20,8 пайыздық өсімді құрады.

Қазіргі таңда қалада 816 өнеркәсіп кәсіпорны жұмыс істеп тұр. Оның ішінде ірі кәсіпорындар – 18, орта кәсіпорындар – 44, шағын кәсіпорындар – 754.

Шымкент қаласында жалпы ауданы 1276 гектарды құрайтын 7 өнеркәсіптік аймақ жұмыс істеп тұр. Бұл аймақтарда қазірдің өзінде 670,1 миллиард теңгеге бағаланған 427 жоба жүзеге асырылуда. Аталған жобалардың ішінде 304 кәсіпорын іске қосылған, олардың жалпы инвестициялық құны — 323,9 миллиард теңге. Қазіргі таңда бұл кәсіпорындарда 9 мыңнан астам адам тұрақты жұмыс істеуде.

Жалпы шаһардың өндірістік әлеуеті жыл сайын артып келеді. Қалада жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың белсенділігі мен өнім көлемінің өсуі өнеркәсіп саласына жасалып жатқан мемлекеттік қолдаулардың, инфрақұрылымдық мүмкіндіктер мен инвесторлар сенімінің нәтижесі. Алдағы уақытта бұл қарқын сақталып, Шымкент Қазақстанның маңызды индустриялық орталықтарының біріне айналатынына сенім мол.

Г. ЖҰМАҒАЛИ.
Шымкент қаласы.

СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

МАҚСАТ - ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОЖҮЙЕСІН САҚТАУ

Павлодар облысының экожүйесін сақтау мақсатында Абай облысындағы Шүлбі су қоймасынан Ертіс өзенінің жайылымына 6,3 миллиард текше метрден астам су жіберілді, деп хабарлайды Су ресурстары және ирригация министрлігі.

Ведомствоның мәліметінше, бүгінгі таңда өзеннің орта ағысындағы балықтың уылдырық шашатын табиғи аймақтары су астында қалған. Қазір Павлодар облысындағы гидробекеттерде су деңгейінің көтерілгені және Ертіс өзенінің жайылымды аумақтарын су басқаны байқалып отыр.

Су жіберу Ертіс өзенінің арнасын тазалауға да бағытталған. Сондай-ақ Павлодар облысында Шідерті өзенінің жайылымына да табиғатты қорғау мақсатында су жіберіліп жатыр. Бүгінгі таңда Қ.Сәтбаев атындағы каналдан 60 миллион текше метрден астам су бағытталыпты.

Екібастұз қаласы мен Ақтоғай ауданының ауылдық аумағындағы «флора» мен «фауналы» сақтауға, сондай-ақ Әулиекөл көлдер жүйесі, Басентин және Шығанақ көлдерін толтыруға жалпы көлемі 120 миллион текше метр су бағыттау жоспарланып отыр екен.

«Бүгінде Екібастұз қаласының ауылдық аймағындағы 9 мың гектардан астам көлтабандар суға толды. Жалпы алғанда 21 мың гектардан астам алқапқа су жіберу жоспарланған. Табиғатты қорғау жұмыстары басталғаннан бері Шығанақ көліне 10 миллион текше метр су келді» делінген хабарламада.

«ST» АҚПАРАТ.

СЕМИНАР

ДІН САЛАСЫ МАМАНДАРЫ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТЕРІН АРТТЫРДЫ

Тараз қаласындағы Достық үйінде Жамбыл облысы әкімдігінің Дін істері басқармасының ұйымдастыруымен дін саласында қызмет атқаратын мамандарға арналған облыстық екі күндік оқыту семинары өтті. Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды нығайту, дін саласындағы мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру және зайырлы қоғам құндылықтарын кеңінен түсіндіру болды.

Семинар жұмысы облыс әкімдігі Дін істері басқармасының басшысы Сәкен Мыңбаевтың алғы сөзімен басталды. Ол өз сөзінде өңірдегі діни тұрақтылықты қамтамасыз етудегі осындай оқыту алаңдарының маңыздылығын атап өтіп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Семинар бағдарламасы үш топқа бөлініп, қызыл, көк және ақ залдарда қатар жүргізілді. Мұндағы басты ерекшелік – барлық қатысушылар өз топтарымен тақырыпты кезекпен тыңдау арқылы жан-жақты білім алды.

Семинардың алғашқы күні қатысушылар заманауи коммуникация бағытында білімін толықтырды. Фариза Кенжебаева «Мемлекеттік ұйымдарда әлеуметтік желілерді пайдалану: заманауи коммуникацияның тиімді құралы» атты баяндамасында цифрлық дәуірдегі ақпараттық саясаттың ерекшеліктері мен әлеуметтік желінің маңызын түсіндірді. Психология ғылымдарының магистрі Гүлмира Сарытай «Коммуникация әдістері» тақырыбында тренинг өткізіп, тұлғааралық қарым-қатынас пен сенімді диалог орнату тәсілдерін ұсынды. Ал, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Толқын Өмірбаева «Көпшілік алдында сөйлеу – шеберлік пен сенімділік үлгісі» тақырыбында тың ойларымен бөлісіп, сөйлеу мәдениеті мен аудиториямен жұмыс жүргізудің қыр-сырына тоқталды.

Семинардың екінші күні терең мазмұнды теологиялық және философиялық тақырыптарға арналды. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Академиясының оқытушысы, философия ғылымдарының докторы Гүлнар Жұманова «Религиозная толерантность – условия безопасности государства» тақырыбындағы баяндамасында зайырлы қоғамдағы діни төзімділік пен қауіпсіздіктің арақатынасына тоқталды. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, теология ғылымдарының докторы Досай Кенжетай «Дін және мәдениет қатынасы: зайырлы ел ұстанымы» тақырыбында терең ғылыми пайымдауларымен бөлісіп, дәстүрлі мәдениет пен дін арасындағы байланысты ашып көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Ғұламалар және Сарапшылар кеңесінің мүшесі, философ, исламтанушы Мұхитдин Паттеев «Діндегі ұлт құндылығы» тақырыбында ұлттық рухани негіздерге сүйене отырып, дін мен ұлттық сана арасындағы үйлесімділікке назар аударды.

Семинар соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталып, жиын қорытындыланды. Қатысушылар тарапынан тренингтер мен дәрістердің мазмұнына жоғары баға беріліп, мұндай оқыту семинарларын жүйелі түрде өткізіп тұру қажеттігі айтылды. Ұйымдастырушылар бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатынын жеткізді. Семинар өңірдегі діни тұрақтылықты сақтау және мамандардың кәсіби әлеуетін арттыру жолындағы маңызды қадам болды.

Н. ҒАЛЫМ.
Жамбыл облысы.

ЖОМАРТ ТҮЛЕК

БАЛТАКӨЛДЕ БІЛІМДІ БАЛА КӨП

Сыр өзенінің арғы бетінде Балтакөл дейтін кішкентай ауыл бар. Мұндағы Отырар ауданына қарасты үш білім ордасы — Ы.Алтынсарин, С.Мұқанов, Ж.Егембердиев атындағы мектептер бір-бірімен бәсекелесе дамып келеді. Білім ошақтарын бітірген түлектердің жаңашылдыққа құмар екенін көріп, ерекше сүйсініп қайттық.

Әдетте, мектеп бітіріп, 20, 30, 40 жылдық кездесулеріне жиналған аға-апа «оқушылар» білім берген ұстаздарына сый-сияпат жасап, өздері той-жиын өткізіп, күліп-ойнап тарқаушы еді. Бұл жолы аталмыш алтын ұя түлектері арзан күлкі, бос ыржақты жиып қойып, өкшелерін басып келе жатқан іні-қарындастарының зерек болып өсуіне негіз болар білім бәйгесін өткізуді жөн деп тауыпты.

«Білім сайысы» қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналды. Алдымен оқушылар «Kahoot» платформасымен тест тапсырып, білімдерін тексерсе, еркін тақырыпқа шығарма жазып, Абай қара сөздерін мәнерлеп жатқа оқудан жарысқа түсті.

Бір-бірінен оза шапқан оқушылардың өнеріне тәнті болған қазылар алқасы мектептің, қала берді ауылдың мақтанышына айналған жас өрендерге разы болып, дипломдар мен азулы айтыскерлердің түсіне енетін ақшалай сый-сияпаттарды табыс етті. Сый-сияпаттарды 1995 жылы бітірген мектеп түлектері қаржыландырды.

Кей ауылдың қалталы мектеп түлектері дәріс берген алғашқы ұстазының құлағына алтын сырға тағудан әріге аса алмаса, бұл мектеп түлектерінің жиылған азын-аулақ ақшаны келер ұрпақ біліміне арнағанына разы болып тарқастық.

Балтакөлден ертеңгі күні білімді де баянды шәкірттер шығып жатса, осы аға-апаларының білімге құйған инвестициясының өтеуі ғой деп қабылдарсыздар!

Б. СЕРДӘЛІ.
Түркістан облысы.

ҚОҒАМДЫҚ ДЕРТ

ЖАҺАНДЫҚ ҚАСІРЕТКЕ ТОСҚАУЫЛ ҚАЖЕТ

Жемқорлық жалпы мемлекеттік институттарға және сот төрелігін жүзеге асыру жүйесіне тікелей кері әсерін тигізеді. Бұл әлеуметтік кесел сот төрелігін жүзеге асыруды бұзады, әділ сот ісін жүргізуге елеулі кедергілер жасайды және халықтың сотқа деген сенімін айтарлықтай төмендетеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының 11-бабында халықаралық шарттың негізін қалаушы сот билігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі шешуші рөлін атап көрсетеді, сондай-ақ осы рөлді тиімді орындау үшін сот билігінің өзі індеттен азат болуы тиіс, оның өкілдері адал және бұзылмайтын болуы керек. Конвенция сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен күресу үшін қажетті ішкі ұйымның негізгі принциптерін қамтиды.

2016 жылы Есірткі және Қылмыспен күрес ұйымы заңдылық мәдениетін қалыптастыруға арналған жаһандық бағдарламаны іске қосты. Оған сот әділдігі мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға қатысты негізгі мәселелер мен туындайтын проблемалар бойынша озық тәжірибелер мен алынған сабақтармен бөлісу үшін сот әділдігінің жаһандық желісін құру кіреді.

Ел Президенті 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын» бекіткен болатын. Тұжырымдамада халықаралық тәжірибені шолу бойынша шетелдік озық практикалардың халықаралық тәжірибесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл жасау үшін көптеген факторлар мен элементтерді кешенді түрде ұштастыруды көздейтін жүйелі тәсілдері қолданылады.

Ішкі қауіпсіздік және соттардағы парақорлықтың алдын алу бөлімі мен оның аумақтық бөлімшелері ІҚБ-мен белгіленген міндеттерді орындауға бағытталған профилактикалық іс-шараларды тұрақты түрде өткізіп келеді.

Жамбыл аудандық сотында жемқорлықтың алдын алуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік қызметшілер арасында үнемі «дөңгелек үстел» отырыстары, семинар және БАҚ өкілдерімен осы тақырыпта брифингтер өткізіліп тұрады. Сонымен қатар, апта сайынғы жедел кеңесінде судьялар мен сот қызметкерлері арасында келеңсіздікке жол бермеу бойынша арнайы тақырыптар талқыланады. Жемқорлық жалпы мемлекеттік институттарға және сот төрелігін жүзеге асыру жүйесіне тікелей кері әсерін тигізеді. Бұл әлеуметтік кесел сот төрелігін жүзеге асыруды бұзады, әділ сот ісін жүргізуге елеулі кедергілер жасайды және халықтың сотқа деген сенімін айтарлықтай төмендетеді. Сот ғимаратының кіреберісінде сот жасаулына берілген темір іздегішпен тексеріліп, сотқа келген азаматтар арнайы тіркеуге арналған журналға жеке куәлігі арқылы тіркеліп, қандай сұрақпен келгені анықталып, сот отырысына тағайындалған істер кестесіне сай кіргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамалары бойынша, сондай-ақ сот істері бойынша тараптармен процессуалдық емес қарым-қатынастарды болдырмау мақсатында және мемлекеттік қызметкерлердің әдебін сақтау бойынша судьялармен, сот қызметкерлерімен профилактикалық әңгімелер жүргізілуде.

Ай сайын өтетін жедел кеңестерде әрбір судья мен сот қызметкеріне өзінің тікелей қызметтік міндеттерін атқару барысында сотқа келуші тараптармен ешқандай байланысқа түспеу, Судья әдебі кодексінің, мемлекеттік қызметкерлердің Ар-намыс кодексінің талаптарын сақтаулары, судьялар мен сот қызметкерлері сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеулері туралы үнемі ескертілуде.

Мемлекет игілігі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіру бойынша тапсырмаларды орындау – әр азаматқа және кез келген мемлекеттік органға жүктелген міндет, бұл тұрғыда аудандық сот осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі жалғастырады.

Ж. ИМАШЕВ,
Жамбыл аудандық сот әкімшісінің бас маман-сот приставы.
Жамбыл облысы.

СОТ ЗАЛЫНАН

МЕМЛЕКЕТКЕ КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛДЫ ӨНДІРІП БЕРДІ

Шу ауданында жануарлар дүниесін қорғау саласындағы заң бұзушылықтарға қатысты тағы бір азаматтық іс қаралды. Бұл жолы табиғат қорғау талаптарын елемеген азамат мемлекетке келтірген зиян үшін жауапқа тартылды.

Іс материалдарына сәйкес, бұған дейін 2024 жылдың қараша айында Шу аудандық сотының қаулысымен азамат К. балық ресурстарын заңсыз сатып алып, тасымалдағаны үшін кінәлі деп танылған. Тергеу барысында оның жалпы салмағы 313 килограмға жуық бес түрлі балықты заңсыз иемденгені анықталған. Бұл әрекет салдарынан жануарлар дүниесіне келтірілген залал сомасы 2 миллион теңгеден асып түсті.

Құқық бұзушының заңсыз әрекеттері әкімшілік тәртіпте дәлелденіп, соттың шешімі заңды күшіне енген болатын. Осыған сүйене отырып, Балық шаруашылығы инспекциясы азаматтық тәртіппен сотқа жүгініп, мемлекетке келтірілген залалды өтеуді талап етті.

Сот отырысы барысында жауапкердің өкілі талаппен келіспейтінін білдіріп, балықтың барлығы бір ғана адамға – азамат К.-ға тиесілі емес екенін айтты. Оның айтуынша, балық аулау кезінде жауапкер достарымен бірге болған және балықтың бір бөлігін «Д.» ЖШС-нен сатып алған.

Алайда, сот бұл уәждерді негізсіз деп таныды. Себебі, жауапкердің кінәсі бұған дейін қаралған әкімшілік іс бойынша толық дәлелденіп, сот қаулысымен расталған. Осыған байланысты, судья талап қоюшының өтінішін қанағаттандыру туралы шешім шығарды.

Сот шешіміне сәйкес, азамат К.-дан мемлекет пайдасына 2 миллион теңгеден астам сома көлемінде жануарлар дүниесіне келтірілген залал өндірілетін болды. Сонымен қатар, одан 62 мың теңге мөлшеріндегі мемлекеттік баж да өндіріледі.

Айта кету керек, бұл шешім әзірге заңды күшіне енген жоқ. Тараптар жоғары тұрған сотқа шағымдануға құқылы.

Г. ЖЫЛҚЫБАЕВА.
Жамбыл облысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті (бұдан әрі - Департамент) «Пикет ЛТД» ЖШС-нің жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметі бойынша бекітуге берілген тарифінің жобасын талқылау бойынша жария тыңдау **2025 жылғы 26 мамырда сағат 11.00-де** Қызылорда қаласы, Жахаев көшесі №5 Департамент ғимаратында өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдауға қатысу үшін депутаттар, жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдардың, БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, тәуелсіз сарапшылар және тұтынушылар шақырылады.

Сонымен қатар, Қызылорда қаласы тұрғындары мен өзге де мүдделі тұлғалар онлайн режимінде де «Facebook» әлеуметтік желісіндегі Департаменттің ресми парақшасында жария тыңдауларға қатыса (https://www.facebook.com/profile.php?id= 100030 142456862) алады.

Әрбір тілек білдіруші онлайн режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Қосымша сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: 8 (7242) 26-23-67, 27-79-74.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК по Кызылординской области (далее - Департамент) сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа на услуги по предоставлению подъездного пути для проезда подвижного состава ТОО «Пикет ЛТД» которое состоится в здании Департамента **26 мая 2025 года, в 11.00 часов** по адресу: город Кызылорда, ул. Жахаева №5.

На публичные слушания приглашаются депутаты, представители местных исполнительных и государственных органов, средств массовой информации, неправительственных организаций, независимые экспертизы и потребители.

Вместе с тем сообщаем, что жители г.Кызылорды и иные заинтересованные лица смогут принять участие на публичных слушаниях также и в режиме онлайн на официальной странице Департамента в социальной сети «Facebook» (https://www.facebook.com/profile.php?id=100030142456862).

Каждый желающий может в онлайн-режиме задать свои вопросы и получить на них ответы.

По дополнительным вопросам можно обратиться по телефонам: 8 (7242) 26-23-67, 27-79-74.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по области Жетісу сообщает, что **19 мая 2025 года** состоится публичное слушание по рассмотрению проекта тарифа и тарифной сметы АО «УК СЭЗ «Хоргос-Восточные ворота» на услуги по производству, передаче, снабжению и распределению тепловой энергией.

Публичное слушание состоится в 11.00 часов в онлайн режиме на платформе ZOOM: Идентификатор конференции: 789 099 68 91, Код доступа: 12345QWE.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97

e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 306